

ТВ-Антенна DEXP InHome 30

Кіріспе

DEXP антеннасын таңдағаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз!

Бұл антенна UHF және VHF диапазондарында аналогтық және сандық теледидар сигналын, сондай-ақ FM-радиосигналын қабылдауға арналған. Бұл антенна белсенді болып табылады және электр қуатын қажет етеді. Ол қолданыста тиімді және қарапайым, дегенмен осы пайдаланушы нұсқаулығын оқу, сондай-ақ келешекте ұстау үшін сақтап қою ұсынылады.

Жиынтық

ТВ-антенна, пайдаланушы нұсқаулығы, кепілдік талоны.

Сақтық шаралары

- Өнім құрғақ, желдетілетін қоймалық үй-жайларда кемінде -20 °C температурада сақталу керек.
- Өрт немесе тоқ соғу қауіпінің алдын алу үшін, құрылғыға су түсуіне және құрылғының жоғары ылғалдылық жағдайында пайдаланылуына жол бермеңіз.
- Құрылғыны қосудан бұрын оның қуат көзі желісіне және басқа құрылғыларға сенімді қосылғанына көз жеткізіңіз.
- Желілік айырды немесе аспап қосқышын сөндіргіш құрылғы ретінде пайдаланған жағдайда сөндіру құрылғысы жеңіл қол жетімді болып қалуы тиіс.
- Құрылғының корпусына бөгде заттарды қоймаңыз.
- Құрылғыны құрғақ және желдетілетін жерге қойыңыз. Қыздыру құралдарының жанына қоймаңыз, күн сәулесі, механикалық вибрация, ылғал және тозаң әсеріне ұшыратпаңыз.
- Ашық от көздері, мысалы жағылған шамның антеннамен жанасуға тыйым салынады.
- Суықта ұзақ уақыт болғаннан кейін, қосудан бұрын құрылғыны бөлме температурасында 1 сағат бойы ұстау керек.
- Егер ұзақ уақыт пайдаланбасаңыз немесе найзағай алдында құрылғыны электрлік қуат көзінен және телевизиялық антеннаның кабелінен ажыратыңыз. Найзағай кезінде құрылғыға, желілік бауға жанаспаңыз.
- Құрылғыны тазалау үшін бейтарап жуу құралдарының аздаған мөлшерін пайдалануға рұқсат етіледі.
- Құрылғыны тазалау үшін ешқашан қажақты материалдарды немесе органикалық қосылыстарды пайдаланбаңыз (алкоголь, бензин және т.б.).
- Құрылғының кез-келген кемшілігін айқындаған кезде оны пайдалануды тоқтатыңыз және бұйымдарды жөндеу үшін уәкілетті қызмет көрсету орталықтарына хабарласыңыз. Цифрлық телевизия сигналдары DVB-T және DVB-T2 цифрлық стандартында беріліс болған жағдайда ғана қабылдануы мүмкін. Антеннаны пайдаланудан бұрын, сіздің аймақта (ауданда, облыста) цифрлық эфирлік хабар таратудың жүргізіліп жатқанына көз жеткізіңіз. Қосудан бұрын құрылғының қуат көзі ажыратылғанына көз жеткізіңіз. Антеннаның электрлік қуат көзі қуат көзі адаптері көмегімен (егер жиынтықта қоса берілсе) немесе DVB-T2 ресивері арқылы жүзеге асырылады. Цифрлық DVB-T2 ресиверінен қуат алған кезде, ол 5 В кернеуді қолдайтынына көз жеткізіңіз. Сигнал деңгейі жеткіліксіз болғанда, құрылғы кедергі аймағында, шекарада немесе телевизияның айқын сигналын тұрақты қабылдау аймағынан тыс болғанда, оның ішінде ландшафт, жергілікті жер және ондағы құрылыс ерекшеліктерінен туындаған, DVB-T2 цифрлық хабар тарату сигналының қанағаттандырмайтын сапасы тауардың ақауы болып табылмайды.

Сигналды қабылдау сапасын жақсарту үшін келесі шарттардың сақталуын тексеріңіз, осы шарттарға сәйкес антенна төмендегідей орнатылады:

1. Кондиционерлер, лифтер, кептіргіштер, қысқа толқынды пештер, электр плиталары және т. б. сияқты қуатты көп тұтынатын құрылғылардан жеткілікті қашықтықта;
2. Таратушы антеннаның бағытында терезеге барынша жақын;
3. Көршілес құрылыстан және жергілікті жердің ландшафтынан туындайтын кедергілердің ықтималдығын азайту үшін барынша жоғары биіктікте.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:

1. Осы бұйымды кәдеге жарату қалдықты қайта өңдеу жөніндегі жергілікті нормалар мен қағидаларға сәйкес жүзеге асырылу керек. Осы өнімнің дұрыс кәдеге жаратылуын қамтамасыз ете отырып, бақыланбайтын қалдық шығарындысы нәтижесінде қоршаған орта мен адам денсаулығына әлеуетті зиян келтірудің алдын алуға және материалдық ресурстардың тиімді пайдаланылуына көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және кәдеге жарату пункттері туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалдық органдардан немесе тұрмыстық қоқысты шығаратын кәсіпорындан алуға болады.
2. Құрылғыны сақтау және тасымалдау тек құрғақ жерлерде жүргізілуі керек.
3. Құрылғыны өткізу РҚ қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізілуі керек.
4. Құрылғының кез-келген ақаулары анықталған кезде, дереу қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Ықтимал проблемалар мен олардың шешімдері

Сигнал жоқ:

Сіздің өңіріңіздің аумағында DVB-T/DVB-T2 стандартында цифрлық ТВ хабар таратынына және сигнал сенімді қабылданатын аймақта орналасқаныңызға көз жеткізіңіз.

Сурет қатып қалады, шашыраңқы / Сурет жоқ / Дыбыс жоғалады / Дыбысы жоқ:

1. Сигнал деңгейі әлсіз. Қабылданатын сигналдың жоғары деңгейін мен сапасын алу үшін антеннаның орнын ауыстырып немесе қайта бағдарлап көріңіз.
2. Қуат көзінің антеннаға берілуін тексеріңіз. (Жиынтықтағы қуат көзінің адаптерін пайдаланыңыз немесе DVB-T/T2 ресивер немесе ТВ с DVB-T/T2 тюнері бар ТВ-нің тиісті мәзір пунктіндегі антеннаға қуат көзі кернеуінің берілісін қосыңыз).

Қосымша ақпарат

Дайындаушы: Шэньчжэнь Антоп Тэкнолоджи Ко., Лтд.

Цяохуа өнеркәсіптік аймағы, Луотянь Линьчан Яньчуань Комьюнити, Яньлуо көш., Баоань ауданы, Шэньчжэнь қ., Қытай.
Қытайда жасалған.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «DNS KAZAKHSTAN» г. Нұр-Сұлтан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импортер / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нұр-Сұлтан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан.

Өнімнің ерекшелігі мен ол туралы ақпарат пайдаланушыға хабарлаусыз өзгертілуі мүмкін. Құрылғының нақты интерфейсі осы нұсқаулықта көрсетілгеннен өзгеше болуы мүмкін.

Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген. v.1

Жиынтық



Антенна



USB-кабель



Коаксиалды кабель

Техникалық сипаттамалары

- Модель: InHome 30.
- Жиілік диапазоны:
VHF: 87.5-230 МГц.
UHF: 470-862 МГц.
- Қолданылатын диапазондар:
FM/VHF/UHF.
- Ең жоғарғы күшейту: 30 дБ.
- Шығыс деңгейі: 100 дБмкВ макс.
- Шығыс кедергісі: 75Ω
- Сигнал/Шу: ≤3 дБ.
- Қуаттану: USB-ден (5 В/40 мА),
немесе ЦТВ-тюнерден (5 В/40 мА)

Ерекшеліктері

Стильді және ықшам дизайн, қара жылтыратылған корпус. Күшейту коэффициенті жоғары және шу деңгейі төмен кіріктірілген күшейткіш. Әртүрлі цифрлық сигналдарда HDTV қолдау үшін арнайы бейімдеу (DVB- T/DVB - T2), сондай-ақ DAB/FM-радио.

Орнату және қосу

МАҢЫЗДЫ: Сигналдың аса сапалы қабылдануын қамтамасыз ету үшін:

Антеннаны кедергі көздерінен алыс ұстаңыз: бұл кондиционер, лифт, фен, СВЧ-пеш және т.б. сияқты энергияны көп тұтынатын құрылғылар болуы мүмкін. Үй-жайда пайдаланған кезде антеннаны терезеге барынша жақын орналастырыңыз. Антеннаны ең жоғары биіктікте орнатыңыз: антенна мен телемұнара арасында кедергілер болған жағдайда уақытша сигнал жоғалуы мүмкін.



Қуат көзінің жалғағышы

ТВ-коннектор

Орнату бойынша нұсқаулық:

Қуаттану коаксиалды кабель арқылы ЦТВ-тюнерінен

1. Бір коаксиалды кабель арқылы антеннаны ЦТВ-тюнеріне қосыңыз.
2. Екінші коаксиалды кабель арқылы, ЦТВ-тюнерін ТВ-ге қосыңыз. Тюнердің антеннаға қуат беру функциясын қолданатынына көз жеткізіңіз.

3. Антеннаның күйі мен бұрылу бұрышын сурет сапасы мен дыбысы оңтайлы болғанға дейін реттеңіз. Сигналды қабылдаудың жоғары сапасы үшін антеннаны терезенің жанына қою ұсынылады.
4. Барлық сымдарды өтпеде немесе қандай да бір қозғалатын бөлшектердің жолында болмайтындай етіп ұйымдастырыңыз (шкафтардың есіктері және т.б.).



ТВ-ның USB-жалғағышынан қуат көзі.

1. Бір коаксиалды кабель арқылы антеннаны ЦТВ-тюнеріне қосыңыз.
2. Екінші коаксиалды кабель арқылы, ЦТВ-тюнерін ТВ-ге қосыңыз. Тюнердің антеннаға қуат көзін беру функциясын қолданатынына көз жеткізіңіз.
3. USB кабелінің бір ұшын ЦТВ -тюнердің USB-жалғағышына, ал екіншісін ТВ-дің USB-жалғағышына қосыңыз.
4. Антеннаның қалыбы мен бұрылу бұрышын сурет сапасы мен дыбысы оңтайлы болғанға дейін реттеңіз. Сигналды қабылдаудың жоғары сапасы үшін антеннаны терезенің жанына қою ұсынылады.
5. Барлық сымдарды өтпеде немесе қандай да бір қозғалатын бөлшектердің жолында болмайтындай етіп ұйымдастырыңыз (шкафтардың есіктері және т.б.).



МАҢЫЗДЫ: Орнатқаннан және қосқаннан кейін сигнал қабылдау сапасын тексеру үшін ЦТВ-тюнерін қосыңыз. Егер сурет жеткілікті айқын болмаса, ең жоғарғы сапаға қолжеткізу үшін антеннаны реттеңіз.

Кепілдік міндеттемелері

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйым сатып алынған сәттен бастап есептеледі және жаңа өнімдерге ғана қолданылады. Кепілдікті қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдаланған жағдайда, кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен тыс жағдайда істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі мына адрес бойынша:

<https://www.dns-shop.ru/technical-support/>

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.